

Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Архангельск ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 4 шілдедегі № 21 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 9 шілдеде № 4828 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Архангельск ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 12 наурыздағы № 13 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Архангельск ауылдық округі әкімінің 12.03.2019 № 13 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1-бабының 7) тармақшасына, Қызылжар ауданы бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2018 жылғы 5 мамырдағы №01-11/116 ұсынысы негізінде, Архангельск ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Архангельск ауылдық округі әкімінің 18.07.2018 № 22 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

1. Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Архангельск ауылдық округінің Архангельское ауылында бруцеллез аумағында шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ауылдық округ әкімінің

И. Рыбакова